

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»  
акционерлік қоғамының  
(«Қазақстан Халық Банкі» АҚ)**

**АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИСІНЕ**

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

*Жарияланған акциялар шығарылымын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу инвесторларға осы проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Акциялар проспектісін уәкілетті орган тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпарат үшін жауап береді және қоғам мен оның акцияларына қатысты инвесторларға берілген ақпараттың дәл әрі сенімді екендігін растайды.*

Алматы қаласы

2012 ж.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының 2005 жылғы 29 наурызда тіркелген проспектісіне (2005 жылғы 28 шілдеде, 2005 жылғы 18 қарашада, 2006 жылғы 30 мамырда, 2006 жылғы 04 желтоқсанда, 2007 жылғы 06 ақпанда, 2007 жылғы 18 маусымда, 2007 жылғы 17 тамызда, 2007 жылғы 02 қарашада, 2008 жылғы 02 сәуірде, 2009 жылғы 13 қаңтарда, 2009 жылғы 19 наурызда, 2009 жылғы 18 мамырда, 2009 жылғы 24 қарашада, 2010 жылғы 22 ақпанда, 2010 жылғы 27 мамырда, 2010 жылғы 16 шілдеде, 2010 жылғы 25 тамызда, 2011 жылғы 07 шілдеде және 2012 жылғы 25 қаңтарда енгізілген өзгерістерімен қоса) (шығарылым Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне № А3387 нөмірімен енгізілді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының Акциялар шығару проспектісінің № 1 қосымшасында:

тақырыбы мынадай редакцияда берілсін:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында акциялар сатып алғанда акциялар құнын анықтау әдістемесі»;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялар сатып алғанда акциялар құнын анықтау әдістемесі мынадай редакцияда берілсін:

«№ 1 Қосымша

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының шешімімен  
(2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ

## **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН РЫНОГЫНДА АКЦИЯЛАР САТЫП АЛҒАНДА АКЦИЯЛАР ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ұйымдастырылмаған рынокта акцияларды сатып алғанда, сатып алынатын акциялар құнын анықтаудың осы әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалды және Банк бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында акциялар сатып алғанда, қарапайым акциялардың, артықшылықтағы акциялардың және Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын артықшылықтағы акциялардың құнын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Әдістемеді пайдаланылатын терминдердің мынадай анықтамалары бар:

1) *акция* – Банк шығаратын және Банкті басқаруға қатысу, таратылған кезде ол бойынша дивиденд алу және Банк мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа да құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

2) *Бас Банк* – Банк орналасатын жердегі және оның оқшау бөлімшелерінің қызметін үйлестіруші бас офис;

3) *Депозитарлық қолхат* – осы депозитарлық қолхаттың базалық активі болып табылатын Банктің қарапайым акцияларының белгілі бір санына жеке меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

4) бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногы - бағалы қағаздармен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талапты орындаусыз жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың айналым аясы;

5) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы - бағалы қағаздармен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдардың айналым аясы;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушы - қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногында котировка белгілейтін ұйым;

7) орналастырылған акциялар - бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар толығымен құнын төлеген Банк акциялары;

8) уәкілетті орган - бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Осы Әдістеменің әрекеті Банк орналастырған акциялар сатып алынатын мына жағдайларға таралады:

- 1) Банк бастамасымен;
- 2) акционердің талабы бойынша;
- 3) акционердің өтініші бойынша.

4. Банк орналастырылған акцияларды құнын өтеп сатып алу шарасын акцияларды одан әрі сату, акционерлер құқығын сақтау (Банк акционерге тиесілі акцияларды ҚР заңнамасына сәйкес сатып алуға міндетті болатын жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсатта жүзеге асырады.

5. Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының резиденті емес - акционерлерінен сатып алуды Банк Қазақстан Республикасының резидент-акционерлері үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді.

6. Банк акционерлері осы Әдістеменімен танысу құқығына ие.

7. Осы Әдістеменімен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **2-тарау. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуының жалпы ережелері**

8. Банк мүддесін ескеріп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне Банктің орналастырған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау жөнінде өтініш-қолдау хат беруге құқылы. Бұл ретте Банк Басқармасының өтініш-қолдау хатында мынадай ұсыныстар берілуге тиіс:

- 1) орналастырылған акцияларды сатып алудың орындылығына және сатып алу мақсатына негіздеме беру;
- 2) сатып алынатын акциялардың саны және түрі;
- 3) орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесін;
- 4) акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын мерзім;
- 5) сатып алу талаптары.

9. Басқарманың өтінішімен келіскен жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі Банк орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамдарға олардың орналастырған акцияларын сатып алуға тыйым салатын негіздемелер бар болса, өзі орналастырған акцияларды сатып алуға Банктің құқығы жоқ.

11. Банк сатып алатын акциялар саны оның орналастырған жалпы акциялары санының 25% (жиырма бес пайызынан), ал Банктің акция сатып алуға жұмсайтын қаржысы оның меншікті капиталының 10% (он пайызынан) аспауы керек:

1) орналастырылған акциялар акционердің талабымен сатып алынатын жағдайда – мынадай күнгі жағдайға сәйкес:

- Банк акционерлерінің жалпы жиналысы осы Әдістеменің 28-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді қабылдайтын;

- сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

- ірі мәміле және (немесе) Банк мүдделілік танытқан мәмілені бекіту туралы шешім қабылдаған;

2) орналастырылған акциялар Банк бастамасымен сатып алынатын жағдайда - орналастырылған Банк акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдайға сәйкес;

12. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген пруденциалдық нормативтер мен қаржылық тұрақтылықтың басқа да көрсеткіштері немесе критерийлері (нормативтері) мәміле нәтижесінде бұзылмайтын жағдайда Банк акциялардың 10 (он) және одан көп пайызы тиесілі акционерлерден акцияларды сатып алу жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы.

13. Банк сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындауда ескерілмейді және онда дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді.

### **3-тарау. Орналастырылған акцияларды Банк бастамасымен сатып алу**

#### **§1. Орналастырылған акцияларды Банк бастамасымен сатып алу тәртібі**

14. Банк өз бастамасы бойынша акционерінің келісімімен одан әрі сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға қайшы келмейтін өзге мақсатта орналастырылған акцияларды сатып алуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банк Жарғысында басқаша қарастырылмаса, Банк орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуды Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асыра алады.

15. Банк өзі орналастырған акцияларды мына жағдайларда сатып алуға құқылы емес:

1) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінен азайып қалатын болса;

2) егер акциялар сатып алынатын сәтте Банкте төлем қабілетсіздігі немесе банкроттық туралы заңнамаға сәйкес дәрменсіздік белгісі байқалса, не болмаса мұндай белгілер Банкте сатып алу талап етілетін немесе болжанған акциялардың барлығын сатып алу салдарынан пайда болса;

3) егер сот шешімі негізінде немесе Банк акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банк таратылатын болса;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда.

16. Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары атап көрсетіледі.

17. Егер Банктің өз бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны акциялардың жалпы санының 1% (бір пайызынан) асатын болса, акцияларды сату-сатып алу мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін Банк мұндай сатып алу туралы хабарландыруды Банк Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

18. Банктің өз орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруында сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары секілді мәліметтер атап көрсетіледі.

19. Орналастырылған акцияларды Банк бастамасы бойынша сатып алу акцияларды сату-сатып алу мәмілесін бекіту және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүргізіледі.

20. Акционерлердің сатып алу үшін мәлімдеген орналастырылған акцияларының жалпы саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, бұл акциялар акционерлерден акционерге тиесілі акциялар санына пропорционал түрде сатып алынады.

21. Банк сатып алатын акциялардың пропорционалдық коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:

$$K = A / C, \quad \text{мұндағы:}$$

K – пропорция коэффициенті;

A – Банк сатып алуы мүмкін жалпы акциялар саны;

C – орналастырылған акциялардың сатып алу үшін мәлімделген жалпы акциялар саны.

Банктің акционерден сатып алатын акцияларының ең жоғарғы саны акционерге тиесілі акциялардың санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

## **§2. Акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі**

22. Акцияларды сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегідей әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) орташа есептелген нарықтық баға бойынша;

2) нарықтық бағасы бойынша;

3) Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен.

23. Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған рыногында бекітілген мәмілелер бойынша есептелетін акцияның орташа нарықтық бағасымен осы Әдістемеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

24. Егер қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында Банк акцияларымен мәмілелер жасалмаған болса, орналастырылған акцияны Банктің сатып алуы туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа есептелген бағасын есептеу үшін Банк өз акцияларымен жасалған сауда-саттық көлемі туралы мәліметтерді немесе акциялар бойынша шетелдік бағалы қағаздар рыногында шығарылған депозитарлық қолхаттар туралы мәліметтерді пайдалануы мүмкін. Егер акциялар және (немесе) депозитарлық қолхаттар бірден шетелдік бағалы қағаздар рыногының бірнешеуінде айналымға жіберілсе, Банк есеп айырысу жүргізгенде бағалы қағаздардың барлық ұйымдастырылған рыногындағы мәмілелер көлемі туралы ақпаратты пайдалануға міндетті. Бұл ретте, акцияның орташа есептелген нарықтық бағасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен іс жүзінде мәміле жасалатын күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның таңертенгі саудасында (негізгі) белгіленетін теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бойынша есептеледі.

25. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

$$C = V / A, \quad \text{мұндағы}$$

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы;

V – аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық және /немесе шетелдік рыноктарындағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай

көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

А – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

26. Орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасымен жүргізілуі мүмкін (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

27. Орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, оның даму болашағын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

#### **4-тарау. Орналастырылған акцияларды Банктің акционердің талабы бойынша сатып алуы**

##### **§1. Орналастырылған акцияларды Банктің акционердің талабы бойынша сатып алу тәртібі**

28. Орналастырылған акцияларды Банк акционердің талап етуімен сатып алуға міндетті, акционер мұны мына жағдайларда талап етуі мүмкін:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және акционерлер жиналысының мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);

2) акционерлердің жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса немесе бұл жиналысқа қатысқан және акционерлер жиналысының мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банк Жарғысында белгіленген тәртіпке сәйкес қабылданған Банк жасайтын ірі мәміле туралы шешіммен және/немесе жасалуына Банк мүдделілік танытып отырған мәміле туралы шешіммен келіспегенде;

5) акционерлердің жалпы жиналысы Банк Жарғысына акционерге тиесілі акциялар бойынша оның құқығын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған жалпы жиналысқа қатыспаған немесе бұл жиналысқа қатысқан, бірақ мұндай шешімге қарсы дауыс берген болса).

29. Осы Әдістеменің 28-тармағында айтылған шешім қабылданғаннан кейін немесе сауда-саттық ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағаннан кейін 30 (отыз) күннің ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы талаппен Банкке өтініш беруге құқылы.

30. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде берілуге тиіс, онда акцияларды сатып алу туралы айқын әрі бір мәнді нақты талап қойылады, акционердің сатып алуға ұсынатын акцияларының саны мен түрі, акционердің мекен-жайы мен болған жағдайда, байланыс телефоны, акционердің акцияларды сатып алу туралы талап қоюына түрткі болған шешім, сондай-ақ қажет болған жағдайларда басқа да мәліметтер көрсетіледі.

31. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші Бас банктің ресми мекен-жайына жіберілуге тиіс. Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

32. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу жөнінде өтініш бергенде, Банк акцияларды өтініш келіп түскеннен кейін 30 (отыз) күннің ішінде сатып алуға міндетті. Акционердің өтініші алынған күн ретінде оның өтініші Бас банктің Кеңесінде кіріс хат ретінде тіркелген күн алынады.

33. Банк осы Әдістеменің 28-тармағында көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Банктің орналастырылған акцияларды сатуына тыйым салатын басқа жағдайларда Банктің уәкілетті органы тиісті шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде акционерге хабарлама жіберіп және бас тартылу себебін көрсете отырып, акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.

34. Банк акцияларды акционердің талап етуімен сатып алу акцияларды сатып алу-сату мәмілесін бекіту және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

35. Банк акционерлерінің сатып алу үшін мәлімдеген орналастырылған акцияларының жалпы саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционал түрде сатып алынады.

36. Банк сатып алатын акциялардың пропорционалдық коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:

$K = A / C$ , мұндағы:

K – пропорция коэффициенті;

A – Банк сатып алуы мүмкін жалпы акциялар саны;

C – орналастырылған акциялардың сатып алу үшін мәлімделген жалпы акциялар саны.

Банктің акционерден сатып алатын акцияларының ең жоғарғы саны акционерге тиесілі акциялардың санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

## **§2. Акцияларды акционердің талабы бойынша Банктің сатып алу бағасын айқындау әдістемесі**

37. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегідей әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) нарықтық құны бойынша;

2) Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен.

38. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша Банктің сатып алу бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықтық құны бойынша Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасын ескере отырып айқындалады (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы

қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

39. Орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша Банктің сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, оның Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру перспективаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

## **5-тарау. Акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу**

### **§1. Орналастырылған акцияларды Банктің акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібі**

40. Өзіне тиесілі орналастырылған акцияларды сатқысы келетін акционер Банкке өз акцияларын сатып алу жөнінде өтініш жазуға құқылы.

41. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы жөніндегі өтініші жазбаша жасалып, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін бекіту туралы нақты әрі бір мәнді ұсынысы баяндалуы қажет, сондай-ақ акционердің сатуға ұсынған акцияларының саны, сату бағасы және мәміленің басқа да елеулі шарттары, сондай-ақ акционердің мекен-жайы және егер бар болса, байланыс телефондары көрсетіледі.

42. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Бас банкке жіберілуге тиіс.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банк Жарғысында басқаша қарастырылмаса, Банк орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуды Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырады. Мұндай шешімде сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары атап көрсетіледі.

44. Банк осы Әдістеменің 15-тармағында қарастырылған жағдайларда орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуға құқығы жоқ.

45. Банк акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуды Банк пен акционердің акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады.

46. Егер акционердің өтінішіне сәйкес Банктің сатып алатын акцияларының саны акциялардың жалпы санының 1% (бір пайызынан) асатын болса, бұл сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Әдістемеді орналастырылған акцияларды Банк бастамасы бойынша сатып алуға қатысты белгіленген нормалар қолданылады.

### **§2. Акцияларды Банктің акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасын айқындау әдістемесі**

47. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасын айқындауда Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегідей әдістемелердің бірі бойынша айқындалған бағаға сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) нарықтық құны бойынша;
- 2) Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен.

48. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша Банктің сатып алу бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықтық құны бойынша Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан

немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасын ескере отырып айқындалады (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Интернет ресурсында апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында жарияланады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

49. Орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша Банктің сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, оның Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру перспективаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Акциялар шығару проспектісі мынадай мазмұндағы № 2 қосымшамен толықтырылсын:

«№ 2 Қосымша

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының шешімімен  
(2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ

#### **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ТАЗА ПАЙДАСЫН БӨЛУ ТӘРТІБІ**

2012 жылғы 19 сәуірде өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2011 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша алынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту туралы мынадай шешімдер қабылданды:

1) Банктің 2011 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша алынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ таза пайдасын бөлудің мынадай тәртібін бекіту:

▪ 5 242 737 722,88 (бес миллиард екі жүз қырық екі миллион жеті жүз отыз жеті мың жеті жүз жиырма екі теңге 88 тиын) теңге мөлшеріндегі таза табыстың бір бөлігін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын шығару проспектісінде қарастырылған мөлшерде және тәртіппен «Қазақстан Халық банкі» АҚ артықшылықты акциялары бойынша (ҮСН KZ1P33870117) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қарапайым акцияларына айырбасталатын артықшылықты акциялары бойынша (ҮСН KZ1P33870216) дивиденд (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен төленуге тиісті салық сомаларын) төлеуге жұмсау;

▪ 3 307 581 000 (үш миллиард үш жүз жеті миллион бес жүз сексен бір мың) теңге мөлшеріндегі таза табыстың бір бөлігін:

- алдыңғы есептік кезеңде жасақталған іс жүзіндегі резервтік капиталдан;

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейінгі бөлінбеген таза пайдасының жіктелінуге тиіс активтер мен шартты міндеттемелерінің өсіміне қатынасының жіктелінуге тиіс активтер мен шартты міндеттемелердің шамасына қатысты алдыңғы жыл басындағы жағдай бойынша, бірақ кемінде 0,1-ден және 1-ден аспауға тиіс мәніне көбейтіндісіне тең болатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейінгі бөлінбеген таза пайдасының бөлігінен ең төменгі резервтік капитал мөлшері кем болмауға тиіс екенін ескере отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның резервтік капиталын ұлғайтуға жұмсау.

Резервтік капиталды толықтыруға жұмсалатын таза табыстың сомасы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің «Екінші деңгейлі банктердің ең төменгі резервтік капитал мөлшерін бекіту туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 196 қаулысының талаптарына сай келеді;

▪ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2011 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қарапайым акцияларына дивиденд есептемеу және төлемеу;

▪ Таза табыстың қалған бөлігін бөлмеу және бөлінбеген таза табысқа жатқызу;

2) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ резервтік капиталын өткен жылдардың бөлінбеген таза табысының есебінен 258 408 000 (екі жүз елу сегіз миллион төрт жүз сегіз мың) теңге сомасына ұлғайту және оны 2012 жылғы 19 сәуірде өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс берудің нәтижелерін есепке ала отырып 48 482 247 000 (қырық сегіз миллиард төрт жүз сексен екі миллион екі жүз қырық жеті мың) теңге мөлшерінде қалыптастыру.».

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарманың заңды өкілінің атқарушы

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Бас бухгалтері



А. Смагулов

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ**

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
« НАРОДНЫЙ СБЕРЕГАТЕЛЬНЫЙ БАНК  
КАЗАХСТАНА»**

**АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»**

*Государственная регистрация выпуска объявленных акций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения акций, описанных в проспекте. Уполномоченный орган, осуществивший государственную регистрацию выпуска объявленных акций, не несет ответственность за достоверность информации, содержащейся в данном документе. Проспект выпуска акций рассматривался только на соответствие требованиям законодательства Республики Казахстан. Должностные лица акционерного общества несут ответственность за достоверность информации, содержащейся в настоящем проспекте, и подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно общества и его размещаемых акций.*

**Г.АЛМАТЫ  
2012 г.**

